

	«ҚАРАҒАНДЫ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ КАРАГАНДЫ»		
	Терапевтік бейіндегі бағдарламалардың ЖБТ	Хаттама	Редакция: 1
			1-бет

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ДАЙЫНДЫҚ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ОӘБ ЖБТ КОМИТЕТІ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Селектор 08.10.2025ж. № 3 хаттама

ЖБТ төрағасы: Тайжанова Дана Жумағалиевна

ЖБТ төрағасының орынбасары: Тойынбекова Рахима Жаксылыковна

ЖБТ хатшысы: Бодаубай Роза Бодаубаевна

Мамандықтар бойынша комитеттердің төрағалары **қатысты:**

Аллергология және иммунология Испаева Жанат Бахитовна

Гастроэнтерология ересектер Ларюшина Елена Михайловна

Гематология ересектер Тургунова Людмила Геннадьевна

Дерматовенерология Батпенова Гульнар Рыскельдыевна

Жұқпалы аурулар Ким Антонина Аркадьевна

Кардиология ересектер Тайжанова Дана Жумағалиевна

Еңбек медицинасы (Кәсіптік патология) Аманбекова Айгуль Укеновна

Неврология Григолашвили Марина Арчиловна

Нефрология ересектер Бачева Ирина Викторовна

Отбасылық медицина Абугалиева Тлеужан Оразалиевна

Психиатрия Любченко Марина Юрьевна

Пульмонология Ибраева Лязат Катаевна

Ревматология ересектер Алина Асел Разаккызы

Терапия Тойынбекова Рахима Жаксылыковна

Фтизиатрия Тәбриз Нұрлан Сүлейменұлы

Эндокринология ересектер Молотов-Лучанский Вилен Борисович

Клиникалық фармакология Калиева Шолпан Сабатаевна

Физикалық медицина және оңалту, спорттық медицина, дәстүрлі медицина Шевелева

Наиля Игоревна

Клиникалық диетология Сулейменова Динара Сағындыковна

Функциональды диагностика Абилямажинова Гузаль Дуйсембековна

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2025–2026 оқу жылындағы резидентура түлектерін тәуелсіз бағалауға дайындау мақсатында жоғары оқу орнынан кейінгі білім (ЖООКБ) оқу-әдістемелік бірлестігінің секциясы ұсынған мәселелерді талқылау.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ЖБТ төрайымы Тайжанова Д.Ж. сөз сөйледі. Ол қатысушыларды 2025 жылғы 6 қазанға дейін жоғары оқу орнынан кейінгі білім

(ЖООКБ) оқу-әдістемелік бірлестігінің секциясына талқылауға және ұсыныстар енгізуге жататын мәселелермен таныстырды.

2. Екінші мәселе бойынша – «2024–2025 оқу жылындағы резидентура түлектерінің тәуелсіз бағалау кезінде барлық мамандықтар бойынша резиденттердің F және G типті тест тапсырмалары нәтижелерін талдау» – Тайжанова Д.Ж. сөз сөйледі. Баяндамашы резиденттердің дайындық барысындағы жиі кездесетін қателіктер мен әлсіз тұстарды талдауды ұсынды.

3. Мамандықтар бойынша комитет төрағалары келесі тармақтар бойынша өз ұсыныстарын ұсынды:

- Резидентура түлектерінің оқу нәтижелері мен құзыреттері;
- Резидентура мамандықтары бойынша техникалық сипаттамалар;
- Кейс-тестингке арналған жалпы сұрақтар санының анықтамасы;
- Тәуелсіз бағалаудан өту үшін дұрыс жауаптардың шекті мөлшерін белгілеу;
- F және G типті тест тапсырмаларының саны;
- Кейс-тестинг өткізуге арналған нозологиялар тізімі.

• .

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Оқу нәтижелері мен түлектердің құзыреттерін талқылау мәселесі бойынша:

Резидентураның терапиялық мамандықтарындағы білім беру бағдарламаларында бекітілген қолданыстағы құзыреттер еңбек функцияларына және кәсіби стандарттардың талаптарына толық сәйкес келетіні мойындалсын. Түзетулер енгізілмесін.

2. 2025–2026 оқу жылындағы резидентура түлектерін тәуелсіз бағалауға дайындау мәселесі бойынша:

• Техникалық сипаттамалар:

Мамандықтар бойынша комитеттер ұсынған техникалық сипаттамаларды бекіту. Сипаттамалар құрылымында қорытынды емтихан бөлімін, Типтік оқу жоспарының (ТҮЖ) тиісті пәнін, міндетті еңбек функцияларын, оқу нәтижелерімен сәйкестігін және сұрақтар санын көрсету.

• Қорытынды аттестация форматы:

2025–2026 оқу жылына арналған қолданыстағы екі кезеңдік қорытынды аттестация форматын сақтау:

- **1-кезең** – 100 тест сұрағынан тұратын тестілеу (A/F/G типтері). F және G типті тапсырмалар саны өзгеріссіз қалдырылсын.
- **2-кезең** – бес тест тапсырмасынан тұратын кейс-тестинг.

• Кейс-тестингке арналған нозологиялар тізімі:

Комитеттер ұсынған нозологиялар тізімін бекіту. Тізімдер Типтік оқу жоспарына (ТҮЖ) сәйкес болуы және тиісті мамандық бойынша ең кең таралған әрі әлеуметтік маңызы бар ауруларды қамтуы тиіс.

• Шекті балл:

Тәуелсіз бағалаудан өту үшін шекті балл 50 ұпай деңгейінде қалдырылсын – бұл кәсіби құзыреттерді меңгерудің ең төменгі жол берілетін деңгейі болып табылады және халықаралық критерийлерге сәйкес келеді.

3. F және G типті тест тапсырмалары нәтижелерін талдау мәселесі бойынша:

Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы (ҰТЕО) ұсынған ақпарат назарға алынсын.

Мамандықтар бойынша комитет төрағаларына талдау нәтижелерін жұмыс бағдарламаларын түзету және резиденттердің анықталған әлсіз тұстарын күшейту мақсатында пайдалану ұсынылсын.

4. Тест тапсырмалары банкын қалыптастыру мәселесі бойынша:

Өзін-өзі бағалау мен қорытынды емтиханға арналған тест тапсырмаларын саралау. Түлектердің қорытынды бақылауы үшін тек ағымдағы жылы тиісті бейіндегі сертификатталған тестологтар тарапынан рецензиядан өткен ҰТЕО тест тапсырмалары банкінің сұрақтарын ғана пайдалану.

Төрайымы:



Д.Ж.Тайжанова

Хатшы:



Р.Б.Бодаубай